

«Ақмола

облысы Білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Өркен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2022 жылғы мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша есебі.

1. Жалпы ережелер

1) көрсетілетін қызметті берушілер туралы мәліметтер: Зеренді ауданының жергілікті атқарушы органдарының 2022 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі туралы есебінде (бұдан әрі – есеп) ауданның жергілікті атқарушы органдарымен, "Өркен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтер енгізілген»

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат: мемлекеттік көрсетілетін қызмет-көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе өтінішінсіз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

2022 жылы көрсетілген Мемлекеттік қызметтер: Зеренді ауданының " Өркен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ 94 қызмет түрін көрсетеді.

- "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны 0 қызмет түрі,

- ЭҮП электронды түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны 26 қызмет түрі.

- қағаз нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны 68 қызмет түрі.

- Ақпараттық жүйелер арқылы электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны 0 қызмет түрі.


2021 жылы көрсетілген Мемлекеттік қызметтер: Зеренді ауданының " Өркен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ 115 қызмет түрін көрсетеді.

- "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны 0 қызмет түрі,

- ЭҮП электронды түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны 61 қызмет түрі.

- қағаз нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны 5 қызмет түрі.

- Ақпараттық жүйелер арқылы электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны 59 қызмет түрі.



№ р/с	Мемлекеттік қызмет атауы	барлығы
1	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау	31
2	Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын бер	34
3	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау».	0
4	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау»	14
5	«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау»	0

3) неғұрлым сұранысқа ие мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат.

"Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау".

2. Қызмет алушылармен жұмыс

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызмет көрсететін бөлімнің стендтерінен алуға болады. Өркен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі сайтында Зеренді <http://sc0021.zerenda.aqmoedu.kz/admin> / Instagram және Facebook парақшаларында, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары бойынша 1414.

2) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылаулар туралы ақпарат.

Жария талқылау үшін мемлекеттік органның қызметі туралы есеп сайтта "Өркен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" веб - порталында, жергілікті атқарушы органның интернет ресурсында орналастырылады, онда әрбір тұрғын есептерді қарап, түсініктемелер қалдыра алады.

3) мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбат және басқалар).

Мемлекеттік қызметтерді көрсету үрдісінің ашықтығын қамтамасыз ету және қызмет алушылардың хабардарлығын арттыру мақсатында жыл бойы 1 дөңгелек үстел өткізілді, мемлекеттік орган қызметкерлері халыққа сұранысқа ие қызмет көрсету мәселелерін түсіндіру бойынша тікелей эфирлер өткізді (барлығы 0 сөз сөйледі). Мемлекеттік органның *Facebook* БАҚ және әлеуметтік желілерінде 1 мақала жарияланды -0.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі қызмет

1) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.

Жергілікті атқарушы органдардың, көрсетілетін қызметті берушілердің қызметкерлері үшін мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша техникалық оқуға қатысқандар – 0 қызметкер оқытылды: Техникалық оқу 2022 жыл айында өткізілген жоқ.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат (қосымша).

2022 жылы Мемлекеттік қызмет көрсету туралы шағымдар тіркелген жоқ.

2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері.

Заң бұзушылық анықталған жоқ:

3) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг нәтижелері. Қоғамдық мониторинг нәтижелеріне сәйкес, 2022 жылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасына мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу анықталған жоқ.

5. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің одан әрі тиімділігінің перспективалары және сапасына көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттануын арттыру.

Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттануын арттыру мақсатында 2023 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру бойынша жоспарлы көрсеткіштер бекітілді, 2023 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы ҚР заңнамасын сақтау мәселесі бойынша бақылау іс-шараларының жоспары бекітілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бүгінгі күні мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің маңызды бағыты болып қала береді: мемлекеттік басқаруды жетілдірудің нысаналы көрсеткіштерінің бірі азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттануын арттыру болып табылады. Яғни, "сервистік мемлекет" моделіне көшу міндеті бекітілген, онда мемлекеттік басқару органдары Азаматтар мен ұйымдардың мүддесі үшін қызмет көрсетеді, ал мемлекеттік басқару сапасын негізгі бағалаудың бірі азаматтардың мемлекеттік қызметтерді ұсыну сапасына қанағаттануы болып табылады.